КЕЛІСЕМІН
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары
_____Сарсембаева А. Ж.
"27" 10 2020 ж.

БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының м.а
_____Абдикерова Б.Х.
«17» 10 2020 ж.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай «Қашықтықтан оқыту жағдайында дене шынықтыруды оқытудың тиімді нысандары мен әдістері» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Қашықтықтан оқыту жағдайында дене шынықтыруды оқытудың тиімді нысандары мен әдістері» ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу туралы. Конференция шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі пәнін өткізу және бағалау мәселелері, қашықтықтан оқыту кезінде пәнді оқыту әдістемесінің ерекшеліктері мен нысандары қаралатын болады.

1.2. Жіберілген мақалалар конференция тақырыбына сәйкес таңдалады.

1.3. Іріктелген материалдар жинақта жарияланады.

1.4. Жариялауға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жіберілмейді.

1.5. Мәтінде келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, атаулардың және басқа да мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты болады.

1.6. Конференцияға қатысу тегін.

1.7. Конференцияның барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері:

Конференцияның мақсаты:

Білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі пәнін қашықтықтан оқыту және критериалды бағалау жағдайында дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шараларды ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастыру.

Міндеттері:

- қашықтықтан оқыту жағдайында дене тәрбиесі пәнін сапалы өткізудің жолдарын қарастыру;
- дене тәрбиесі және спорт саласында қол жеткізілген жетістіктер мен озық іс-тәжірибелерді насихаттау;
- білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі пәнін критериалды бағалау;
- қашықтықтан оқыту жағдайында спорттық іс шараларды ұйымдастырудың формаларын қарастыру.

3. Конференция қатысушылары мен ұйымдастырушылары:

Қарағанды облысында білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы және Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі.

Конференцияға қатысады:

- «№2 Челябинск педагогикалық колледжі» мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі;

- Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ дене мәдениеті кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы;
- Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Н.Кулжанов атындағы Торғай гуманитарлық колледжі;
- Мамандандырылған облыстық дене шынықтыру және спорт ұйымдарының өкілдері;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары.

4. Өтетін күні мен орны: 2020 жылғы 27 қараша. Конференция ZOOM платформасында өткізіледі.

Тіркеу: 8.30-9.00

Басталуы: 9.00

5. Конференцияға қатысу формалары

1. Конференция 4 тақырыптық секция бойынша қашықтықтан өткізіледі.

2. Қашықтықтан оқыту кезінде дене шынықтыру сабақтарын өткізудің тиімді әдістері мен тәсілдері. (1 секция)

3. Дене шынықтыру және арнайы пәндер сабақтарында критериалды бағалау. (2 секция)

4. Колледжде дене шынықтыру бойынша өндірістік тәжірибені өткізу формалары. (3 секция)

5. Қашықтықтан оқыту кезінде спорт секциялары бойынша іс-шараларды өткізудің тиімді тәсілдері. (4 секция)

6. Материалдарды ұсыну нысандары мен мерзімдері:

6.1. Конференцияға қатысу үшін қатысушы өтінімді (1-қосымша) 2020 жылдың 20 қарашасына дейін электрондық поштаға жіберуі қажет akku.muftalova@mail.ru (қатысушының өтінімге баяндаманы қоса тіркеуі қажет)

6.2. Конференция материалдары конференцияның электрондық жинағына кіреді. Конференцияға электронды форматта қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне мақаланы электронды түрде ұсыну қажет.

7. Мақаланың әзірленуіне қойылатын талаптар:

Мақаланы жазуда (көлемі 5 беттен аспауы тиіс, электронды нұсқада) қазақ және орыс тіліндегі – Times New Roman шрифті қолданылады, 14 кегль, мәтін ішінде айрықшаланатын сөздер курсивпен теріледі.

Мақаланың аты ортасында болуы керек (кіші әріппен, жартылай жуан шрифтпен, кегль 14), төменірек ортасында автордың аты-жөні (кіші әріппен, жартылай жуан шрифт, кегль 12; оның астында жақшада – ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, (бар болған жағдайда) лауазымы, жұмыс орны, облыс, қала, (кіші әріппен, кегль 12), оның астында– e-mail (курсивпен, кегль 12); Жолдары: үстіңгі және астыңғы – 20 мм, сол жақ жолы – 30 мм, оң жақ жолы – 15 мм; Жол аралығы 1,0 интервалмен; Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме мәтіннің ішінде жақшаға алынып беріледі.

1 қосымша.

Өтінім

Тегі, аты-жөні (толық)	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Жұмыс жасайтын мекемесі, қызметі	Мақала тақырыбы	Секциясы